



Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институты

www.kti-tjm.kz

2021 ҚАБЫЛДАУ

ОҚУҒА ТҮСУ ШАРТТАРЫ

Институтқа күндізгі оқу түрі бойынша оқуға:

- ✦ Қазақстан Республикасының азаматтары;
- ✦ орта білімі бар;
- ✦ он алты жасқа толған;
- ✦ денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды азаматтар қабылданады.

Институтқа қабылдау медициналық, дене шынықтыру және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындыларын ескере отырып, ҰБТ қорытындылары бойынша сертификат балдарына сәйкес конкурс бойынша жүргізіледі

Азаматтарды күндізгі оқу түріне қабылдау 4 кезеңнен тұрады:



1. Қабылдау комиссиясы үміткерлердің жеке істерімен танысады;



2. Медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша оқуға түсуге денсаулығының жарамдылығын анықтау мақсатында іріктеу жүргізіледі;



3. Үміткерлер бекітілген Нормативтерге сәйкес дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсырады;



4. Қабылдау комиссиясы конкурстық іріктеу және Институт курсанттары қатарына қабылдайды, сонымен қатар шет елдердің бейінді оқу орындарына іріктеу жасайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТЖМ КТИ ҮМІТКЕРЛЕРІНЕ ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ДАЯРЛЫҒЫ БОЙЫНША НОРМАТИВТЕР

№	Тест атауы (жігіттер үшін)	Бағасы өте жақсы	Бағасы жақсы	Бағасы қанағаттанарлық
1.	100 м. жүгіру (сек.)	13,2	13,7	14,2
2.	3000 м. жүгіру (мин/сек.)	12,3	13,0	14,0
3.	Тартылу (тартылу саны)	13	11	9



МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ - БОЛАШАҚТАҒЫ ЖЕТІСТІКТІҢ КЕПІЛІ!

ҰБТ тапсыру үшін пәндер тізімі



1. Математикалық сауаттылық
2. Оқу сауаттылығы
3. Қазақстан тарихы
- Бейінді пәндер**
4. Математика
5. Физика

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

6B12302 - Өрт қауіпсіздігі

6B12303 - Төтенше жағдайларда
қорғау

6B12303 - Өрт сөндіру және апаттан-
құтқару ісі

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖОБАЛАНҒАН ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

қантардан мамыр айлары аралығында - Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары Төтенше жағдайлар департаменттері үміткерлерден құжаттар қабылдайды (үміткерлердің қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден, сондай-ақ міндетті арнайы тексеруден өтеді);

30 маусым - Институтқа оқуға ҰБТ сертификаттарымен үміткерлердің келуі;

1-13 шілде - әскери-дәрігерлік комиссиядан өту ;

7-15 шілде - дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсыру;

16-17 шілде - күндізгі оқу факультетіне қабылдау.

ИНСТИТУТҚА ОҚУҒА ТҮСУ ШАРТТАРЫ

Курсанттар республикалық бюджет есебінен оқытылады.

Курсанттар барлық оқу кезеңіне киім-кешекпен, тамақтану және мемлекеттік шәкіртақымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар каникулалық демалыс кезіндегі жол ақысы төленеді.

Институттың күндізгі оқу түрінің толық курсын бітірген, 4 жыл оқыған тұлғалардың білім алу уақыты әскери қызметті өтеу уақытына теңеледі.

Институтқа түсуге ынта білдірген тұлғалар, тұрғылықты мекен-жайы бойынша аумақтық Төтенше жағдайлар департаменттерінің кадр саясаты бөлімшелеріне өтініш (ерікті түрінде) береді.



ИНСТИТУТ МЕКЕН-ЖАЙЫ

020000, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Ақан сері к-сі, 136

Тел.: (87162) 25-13-36, қабылдау бөлімі: 25-52-49,

кадр саясаты бөлімі: 25-04-01,